

6 – дәріс. Телесұхбаттағы экран этикасы

Тележурналистикадағы интерактивтілік аясындағы психологиялық ахуал төртжақты сипат алады. 1. Тележүргізуші психологиясы. 2. Студия қонағы, немесе сұхбат беруші психологиясы. 3. Студиядағы көрермен психологиясы. 4. Тікелей эфирге қатысушы көрерменнің психологиясы. Демек, интерактивті бағдарлама жүргізушісі студия қонақтарын, студиядағы көрермендерді және тікелей телефон желісіндегі көрермендерді қатар меңгере білуі керек. Сондықтан да тележүргізуші әр бағыттағы психологиялық амалдарды кәсіби сауаттылықпен, мәдениеттілікпен және тапқырлықпен, ептілікпен жүзеге асыруы шарт.

